

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы «16» марта  
№164 бұйрығына  
1-қосымша

**«Ұлттық ғылыми онкология орталығы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Тексеру комиссиясы туралы ережесі**

**1. Жалпы ереже**

1. Осы Тексеру комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Тексеру комиссиясының мәртебесін, Тексеру комиссиясының міндеттерін, функцияларын, жұмыс тәртібін және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен (бұдан әрі - Жалғыз қатысушы), Серіктестіктің Байқау кеңесі мен атқарушы органы өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ Тексеру комиссиясы қызметінің ақы төлеу, материалдық көтермелеу шарттарын және өзге де мәселелерін айқындайды.

2. Тексеру комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін, Серіктестік Жарғысын, Жалғыз қатысушының, Серіктестіктің Байқау кеңесі төрағасының шешімдерін, осы Ережені және басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

3. Тексеру комиссиясы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы талаптарды сақтай отырып, Серіктестіктің барлық құжаттары мен ақпаратына кедергісіз қол жеткізуге құқылы. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Басқарма мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсініктемелер беруге міндетті.

4. Тексеру комиссиясы өз қызметін Жалғыз қатысушы бекітетін тиісті жылға арналған жұмыс жоспарына, сондай-ақ Жалғыз қатысушының және/немесе Серіктестіктің Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тапсырмаларға сәйкес жүзеге асырады.

5. Тексеру комиссиясының төрағасы мен оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша Жалғыз қатысушы болып анықталады. Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің жұмыс тәртібі, еңбекке ақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын жалғыз қатысушы айқындайды.

6. Тексеру комиссиясы басшысының және мүшелерінің кандидатуралары жалғыз қатысушыға ұсынғанға дейін ішкі аудит департаментінде алдын ала қаралады, оның нәтижелері бойынша ұсыныс беріледі.

7. Тексеру комиссиясының мүшелерімен еңбек шартын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Жалғыз қатысушының шешімі негізінде Серіктестіктің Басқарма төрағасы немесе оның міндетін атқарушы жасайды.

8. Тексеру комиссиясы мүшелерінің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше және тиімді орындауы мақсатында тексеру комиссиясына қажетті ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету берілуі тиіс.

9. Тексеру комиссиясы өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды тиісінше орындау және объективті және әділ пайымдауларды қамтамасыз ету мақсатында қандай да бір тұлғалардың ықпалына тәуелсіз.

10. Тексеру комиссиясы Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және серіктестік қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын жалғыз қатысушыға тікелей бағынатын және есеп беретін Серіктестік органы болып табылады.

11. Тексеру комиссиясының қызметін бағалауды ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес Жалғыз қатысушы және/немесе тәуелсіз сыртқы Тарап жүргізеді.

12. Тексеру комиссиясы мүшесінің еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары, сондай-ақ оған әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақы төлемдерін беру осы Ережеге сәйкес айқындалады.

13. Тексеру комиссиясының мүшелеріне Тексеру комиссиясының мәртебесіне, Серіктестіктің жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылмайтын құжаттарды қоспағанда, серіктестіктің ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

## **2. Тексеру комиссияның мақсаты, міндеттері және функциялары**

14. Тексеру комиссиясы қызметінің негізгі мақсаты Жалғыз қатысушыға, сондай-ақ Байқау кеңесінің төрағасына тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару және клиникалық қызмет процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу жолымен серіктестікті тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі туралы тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

15. Тексеру комиссиясының негізгі міндеттері:

1) Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

2) Серіктестіктің мақсаттарға қол жеткізу мәселесінде ақылға қонымды кепілдіктер беру жолымен тәуекелдерді тұрақты анықтауға, бағалауға және

мониторингіне ықпал ететін Серіктестік тәуекелдерін басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

3) бухгалтерлік есепке алу жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және оның негізінде серіктестіктің қаржылық есептілігін жасауды бағалау;

4) Серіктестіктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын бағалау;

5) Серіктестік ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін және Серіктестік активтерінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;

6) Серіктестікті корпоративтік басқару процесін жетілдіруді бағалау.

16. Тексеру комиссиясы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

1) Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізеді;

2) Серіктестіктің тәуекелдерді бағалау әдіснамасы мен тәуекелдерді басқару рәсімдерінің толық қолданылуына және тиімділігіне бағалау жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарының сақталуына, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Байқау кеңесі шешімдерінің орындалуына бағалау жүргізеді және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалайды;

4) Серіктестіктің Сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асырады;

5) Тексеру комиссиясының белгіленген тәртіппен берілген ұсынымдарының орындалуына кейіннен бақылауды жүзеге асырады;

6) Байқау кеңесіне, Басқарма төрағасына, Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес береді;

7) қажет болған жағдайда сыртқы аудитор жүзеге асыратын Серіктестік аудитін жүргізуге жәрдемдеседі;

8) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оны бекіткенге дейін серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне міндетті түрде тексеру жүргізеді;

9) Тексеру комиссиясының қызметін регламенттейтін құжаттарды, оның ішінде ішкі аудит жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды және тексеру комиссиясының қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлейді;

10) Жалғыз қатысушыға Тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерді ұсынады;

11) өзінің құзыреті шегінде Тексеру комиссиясына жүктелген және оның тәуелсіздігі принципінә әсер етпейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады;

### **3. Біліктілік талаптары**

17. Тексеру комиссиясының төрағасы болуы тиіс:

- 1) жоғары кәсіби (қаржы-экономикалық білім);
- 2) аудит және/немесе бухгалтерлік есепке алу, және/немесе қаржы және/немесе мемлекеттік аудит саласындағы жұмыс тәжірибесі - кемінде бес жыл;
- 3) басшы лауазымындағы жұмыс тәжірибесі - кемінде үш жыл;
- 4) ішкі аудиторлар институты әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық қаржылық кәсіби стандарттарын білу (The Institute of Internal Auditors Inc);
- 5) мынадай куәліктердің немесе сертификаттардың бірінің болуы: CIA ішкі аудит саласындағы сертификаты (Certified Internal Auditor); аудитордың біліктілік куәлігі немесе АССА алқабилер бухгалтерінің сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіби бухгалтердің сертификаты немесе DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) дипломы немесе CIPA халықаралық кәсіби бухгалтерінің сертификаты (Certified International Professional Accountant.); CISA (Certified information systems auditor) немесе CISM (Certified information security manager) немесе ITIL (Information technology infrastructure library) сертификаты; басқа ұқсас халықаралық танылған куәлік немесе сертификат.

б) мемлекеттік және мүмкіндігінше шет тілін білу.

18. Тексеру комиссиясының мүшесі, әдетте, келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есепке алу, және/немесе аудит, және/немесе ақпараттық технологиялар, және/немесе медициналық білім беру саласында, сондай-ақ қызмет бағыттарына сәйкес басқа да салаларда жоғары кәсіптік білім;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген салаларда жұмыс тәжірибесі - кемінде үш жыл;

3) ішкі аудиторлар институты әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық қаржылық кәсіби стандарттарын білу (The Institute of Internal Auditors Inc),

4) аудит және/немесе қаржылық есептілік саласында сертификаттың және/немесе Біліктіліктің және/немесе денсаулық сақтау менеджменті және/немесе мемлекеттік аудит сертификатының болуы дұрыс.

5) мемлекеттік және мүмкіндігінше шет тілін білу.

#### **4. Тексеру комиссиясының жауапкершілігі**

19. Тексеру комиссиясы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына жауапты болады.

20. Тексеру комиссиясының мүшесі белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясына жүктелген функциялар мен міндеттердің, оның ішінде Қазақстан

Республикасының заңнамасына, осы Ережеге, еңбек шарттарына және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес сапалы және уақтылы орындалуына дербес жауапты болады.

21. Тексеру комиссиясының мүшелері бұрын жауапты болған облыстарға бағалау жүргізуден бас тартулары тиіс. Егер ІАҚ қызметкері алдыңғы жылдың ішінде жауап берген салада кепілдік берсе, объективтілік теріс ықпалға ұшырайды деп есептеледі.

## **5. Тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттіктері**

22. Тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттігіне кіреді:

1) кез келген үй-жайларға, активтерге, құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға, бағдарламалық қамтамасыз етулерге, оның ішінде Байқау кеңесінің хаттамаларына және Жалғыз қатысушының шешімдеріне кедергісіз қол жеткізуге және Серіктестіктің қызметі туралы кез келген ақпаратты сұратуға;

2) аудит жүргізілетін бөлімшелердің қызметкерлеріне қажетті көмек алу, сондай-ақ Серіктестіктің басқа бөлімшелерінің қызметкерлеріне көмек көрсету;

3) қызметін жоспарлау және жұмысты ұйымдастыру, тексеру комиссиясының жылдық аудиторлық жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

4) Тексеру комиссиясының қызметін регламенттейтін құжаттарды, оның ішінде ішкі аудит бойынша әдістемелік ұсынымдарды және тексеру комиссиясының қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

5) Тексеру комиссиясының қызметінде жалғыз қатысушы бекіткен (ұсынған) ішкі аудиттің бірыңғай базалық қағидаттары мен рәсімдерін қолдануды қамтамасыз ету;

6) Тексеру комиссиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалау (жылына кемінде бір рет);

7) тексеру жүргізу барысында туындайтын және Тексеру комиссиясының құзыретіндегі мәселелер бойынша Серіктестіктің Басқарма мүшелерін қоса алғанда, Серіктестіктің кез келген қызметкерлерінен жазбаша және (немесе) жеке түсініктеме талап ету;

8) қажет болған жағдайда аудиторлық тапсырмаларды орындау кезінде бөгде сарапшыларды тартуға;

9) Серіктестік Басқарма мүшелерін қоса алғанда, Серіктестіктің кез келген қызметкерлерінен, егер мұндай шараларды қабылдамау құндылықтарды, құжаттарды жоғалтуға әкеп соғуы немесе одан әрі теріс пайдалануға ықпал етуі мүмкін болса, олардың анықталған бұзушылықтарға байланысты кідіріссіз шаралар қолдануы туралы талап етуге;

10) Жалғыз қатысушыға Тексеру комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, сондай-

ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі, мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары жөнінде ұсыныстар енгізу;

11) Тексеру комиссиясы мүшелерінің кәсіби даярлық деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

12) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Тексеру комиссиясы мүшелерінің міндеттерін мерзімді немесе орындылығына қарай ротациялауды жүргізу;

13) Тексеру комиссиясының құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

## **6. Тексеру комиссиясының шектеулері**

23. Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелері:

1) Осы Ережеде анықталғандай, Серіктестікте Тексеру комиссиясының қызметіне байланысты емес ешқандай функционалдық міндеттерді орындау;

2) Тексеру комиссиясының қызметіне тікелей қатысы жоқ транзакцияларға бастамашылық жасау немесе бекіту;

3) оларды бағалаудың әділдігіне нұқсан келтіруі немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қандай да бір қызметке қатысуға;

4) олардың кәсіби пікіріне зиян келтіруі немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін ештеңе сыйлыққа қабылдауға тиіс емес.

## **7. Жаза қолдану**

24. Еңбек тәртібін бұзғаны, Жалғыз қатысушының шешімі бойынша жүктелген Еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

25. Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды (осындай болса) өтеу тәртібі, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер осы Ережеде көзделген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **8. Ішкі және сыртқы пайдаланушыларға ақпарат (құжаттарды) беру**

26. Аудиторлық тапсырма бойынша қорытынды қорытындыны шығарғаннан және қол қойғаннан кейін жетекшілік ететін басқарушы

директорға не ол болмаған кезде құрылымдық бөлімшенің бастығына қорытындының бір данасы (түпнұсқасы) беріледі.

27. Тексеру комиссиясы аудиторлық тапсырма бойынша қол қойылған қорытынды қорытындысын (көшірмесін) Серіктестіктің Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы тұлғаның атына жібереді.

28. Жалғыз қатысушыға ақпарат беру осы Ереженің 34, 35 және 36-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Тексеру комиссиясы сыртқы аудиторға жәрдем көрсетеді және қажет болған жағдайда тиісті ақпарат пен құжаттарды (материалдарды) ұсынады.

30. Тексеру комиссиясының ақпаратын (құжаттарын) мемлекеттік органға беру Жалғыз қатысушының атына соңғысының сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады. Тиісті ақпарат (құжаттар) Жалғыз қатысушымен келісілгеннен кейін ғана беріледі.

## **9. Жалғыз қатысушыға ақпарат беру**

31. Тексеру комиссиясы Жалғыз қатысушыға келесі мерзімде өз қызметі туралы есептерді ұсынады:

- 1) тоқсандық – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін;
- 2) жылдық – есепті жылдан кейінгі екінші айдың 25-күніне дейін.

## **10. Жалғыз қатысушымен өзара іс-қимыл**

32. Аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы жасаған және Серіктестік қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері (әрекетсіздіктері) жағдайларын көрсететін есептердің түйіндемесі Жалғыз қатысушыға аудиторлық тапсырмалар жүргізілгеннен кейін бірден ұсынылады.

33. Тексеру комиссиясының төрағасы Жалғыз қатысушыға ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дәлдігі тұрғысынан талдауын қамтамасыз етеді.

34. Тексеру комиссиясының қызметі туралы есеп:

1) берілген ұсынымдарды көрсете отырып, Тексеру комиссиясының жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар (қажет болған жағдайда тиісті материалдарды қоса бере отырып);

2) есеп беру кезеңінде тексеру комиссиясы жүргізген басқа да іс-шаралар мен жұмыстар туралы ақпарат (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалардың және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын мониторингілеу нәтижелері, жеке ұсынымдар, тренингтерге және т.б. қатысу туралы ақпарат).

35. Жалғыз қатысушы Тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерді қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешімдер қабылдайды;

36. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ішкі аудит департаментіне жүргізілген аудит/бақылау және мониторинг қорытындылары

туралы тоқсан сайынғы есептерді жасауды және ұсынуды және аудит/бақылау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюды бақылауды қамтамасыз ету;

37. Тексеру комиссиясының төрағасы жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын жалғыз қатысушымен келіседі. Тексеру комиссиясының мүшелері жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын Тексеру комиссиясының төрағасымен келіседі.

38. Қажет болған жағдайда серіктестіктің тексеру комиссиясы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ішкі аудит департаменті өткізетін Жалғыз қатысушының басқа ведомстволық бағынысты ұйымдарында ішкі мемлекеттік аудитке қатыса алады.

## **12. Серіктестіктің атқарушы органымен өзара іс-қимыл**

39. Атқарушы органмен өзара іс-қимыл шеңберінде Тексеру комиссиясы:

1) ақпараттандыру мақсатында серіктестіктің атқарушы органына Жалғыз қатысушы бекіткен тексерулердің жылдық аудиторлық жоспарын ұсынады;

2) Тексеру комиссиясының тексеру нәтижелері бойынша жасалған есептерін серіктестіктің атқарушы органына ұсынады;

3) Қаржы-шаруашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша атқарушы органға ұсыныстар енгізеді және талқылайды.

40. Атқарушы орган белгіленген тәртіппен:

1) Серіктестікте тиімді бақылау ортасын құруға ықпал ету;

2) Тексеру комиссиясына сыртқы/ішкі тексерулер ұсынымының орындалуы туралы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі 5-ші күніне ұсынуды қамтамасыз ету;

3) салалық тақырыптар мен бағдарламалар бойынша оқыту мен тренингтерге байланысты шығындарды серіктестіктің даму жоспарына/бюджетіне енгізуді қамтамасыз ету;

4) Жалғыз қатысушының шешімі бойынша (сондай-ақ Байқау кеңесі төрағасының ұсынысы бойынша) ішкі аудит саласындағы кез келген қызметті аутсорсинг/ко-сорсинг қызметтерін белгіленген тәртіппен пайдалануды қамтамасыз етуге;

5) Тексеру комиссиясын әкімшілік және ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға құқылы.

41. Серіктестіктің атқарушы органының тексеру комиссиясының қызметіне араласуына жол берілмейді.

## **13. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл**

42. Тексеру комиссиясы өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау процесінде белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық құрылымдық



бөлімшелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды

#### **14. Еңбекақы**

43. Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің еңбекақысы лауазымдық жалақыдан тұрады, оның мөлшерін Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекітеді.

44. Жұмыс істеген айдың бірінші жартысы үшін ағымдағы айдың 15-не дейінгі мерзімде Тексеру комиссиясының мүшелеріне өтініш негізінде қалауы бойынша айлық жалақының 40% мөлшерінде аванс төленеді.

45. Есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың екінші жартысына төлем ай сайын айдың 8-не дейін жүргізіледі

46. Төлем ұсынылған өтініштерге сәйкес екінші деңгейдегі банктерде ашылған Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің карта-шоттарына еңбекақы аудару жолымен жүргізіледі.

47. Бұл ретте, күн төлеу, аванс және еңбекақының төлеу күні демалыс немесе мереке күндеріне тура келген жағдайда, төлем демалыс немесе мереке күндерінің алдындағы соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

#### **15. Сыйақы**

48. Тексеру комиссиясының мүшелеріне еңбек уәждемесін арттыру мақсатында Еңбекке ақы төлеу қоры шеңберінде мынадай біржолғы төлемдер белгіленген мөлшерде – 10 ЖЕТМ-нен аспайтын мөлшерде төленуі мүмкін (тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері):

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне;
- Наурыз мейрамын тойлауға;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне;
- Медицина қызметкері күніне.

49. Сондай-ақ, қызмет қорытындылары бойынша Жалғыз қатысушысының шешімінің негізінде 1 (бір) лауазымдық жалақысы аспайтын мөлшерде тоқсан сайын сыйақы төлеу жүргізіледі. Сыйақы Серіктестікте бір айдан кем жұмыс істеген, тәртіптік жауапкершілікке тартылған және сынақ мерзімінен өту кезеңінде (жұмысқа қабылдау кезінде) Тексеру комиссиясының мүшелеріне есептелмейді.

Сыйақыны төлеу Жалғыз қатысушысын бағалау нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы қызметінің тиімділігінің мынадай көрсеткіштерінің жүзеге асырылады:

1) тиісті жылға арналған аудиторлық тексерулер жүргізудің бекітілген жоспарының уақтылы және сапалы орындалуы;

2) Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы орындаған Жалғыз қатысушының тапсырмасы бойынша аудиторлық және жоспардан тыс тексерулер жүргізу жоспарының көлемі.

50. Қосымша материалдық көтермелеу мақсатында жүзеге асырылатын еңбекақы төлеуге көзделген қаражатты үнемдеу есебінен Тексеру комиссиясына сыйлық беруге жол беріледі. Тиісті сыйлықақы жалғыз қатысушының келісімі бойынша Серіктестіктің Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

## **16. Уақытша еңбекке жарамсыздығы үшін жәрдемақы**

51. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

## **17. Материалдық көмек көрсету**

52. Материалдық көмек көрсету Серіктестіктің еңбекақы төлеу қоры қаражаты есебінен жүргізіледі.

53. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде Тексеру комиссиясының мүшелеріне сауықтыруға 2 (екі) айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

54. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген сынақ мерзімі кезеңінде Тексеру комиссиясының мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленбейді.

55. Тексеру комиссиясының мүшелерімен еңбек қатынастарын тоқтатқан кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы жұмыс істелген уақытқа барабар төленеді.

56. Тексеру комиссиясының мүшелеріне бір айлық лауазымдық жалақыға дейін материалдық көмек мынадай жағдайларда көрсетіледі:

1) бала тууға/ бала асырап алуға байланысты – 100 АЕК аспайтын мөлшерде. Егер ата-анасының екеуі де Серіктестіктің қызметкерлері болып табылса, біржолғы материалдық көмек ата-анасының біреуіне олардың таңдауы бойынша төленеді;

2) қайтыс болуына байланысты:

бір жолғы төлемімен, немесе ондай болмаған жағдайда, жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамға 400 АЕК – тен аспайтын мөлшерде;

жұбайы/балалары, қызметкердің ата – анасы - 300 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

3) некеге тұруға байланысты – 50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

4) қызметкердің немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын адамдардың емделуіне/операциясына байланысты – 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде.

57. Тексеру комиссиясының мүшелеріне материалдық көмек көрсету растайтын құжаттар қоса берілген өтініш негізінде жүргізіледі.

## **12. Тексеру комиссиясы мүшелерінің қызметін бағалау**

61. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау келесі көрсеткіштердің нәтижелері бойынша жүргізіледі:

1) тиісті жылға арналған аудиторлық тексерулер жүргізудің бекітілген жоспарының уақтылы және сапалы орындалуы;

2) Есепті кезеңде тексеру комиссиясы орындаған Жалғыз қатысушының тапсырмасы бойынша аудиторлық және жоспардан тыс тексерулер жүргізу жоспарының көлемі.

## **19. Қорытынды ереже**

62. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар Жалғыз қатысушының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

63. Тексеру комиссиясының төрағасы тұрақты түрде, жылына кемінде бір рет осы Ережеге өзгерістер/толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы мәселені қарайды.